



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР МЕН ЖАЛПЫ  
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ, ЛИЦЕЙЛЕР  
МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ МЕКТЕПАЛДЫ  
СЫНЫПТАРЫНДА МАМЫР МЕРЕКЕЛЕРІН  
(1, 7, 9 МАМЫР) АТАП ӨТУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

# 1 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің маңызы туралы балалардың түсініктерін кеңейту, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілікке баулу.

## МІНДЕТТЕРІ:

- балалардың **бірлік**, ынтымақтастық, бейбітшілік және достық туралы түсініктерін кеңейту;
- Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу;
- құрдастарымен өзара достық қарым-қатынасты қалыптастыруға баулу;
- үлкендерді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге үйрету;
- Отанға, еліне, туған жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілікті дәріптеу;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;
- отбасына, достарына құрмет пен қамқорлық көрсете білуге баулу;
- еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

# ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1. Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың жас және психофизикалық ерекшеліктерін, бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарлап, мектеп жасына дейінгі балалармен (ортаңғы, ересек, мектепалды топтарда/сыныптарда) ата-аналарды қатыстырмай, өткізу ұсынылады.
2. Ұсынылатын тақырыптар: «Әрқашан күн сөнбесін!»; «1 мамыр - көктем және еңбек мерекесі»; «Еңбекпен ел көгерер»; «Достық пен ынтымақ - береке бастауы»; «Бейбітшілік жасасын!»; «Бейбітшілік – ел тілегі» (басқа тақырыптарды таңдауға болады).
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрекет түрлерін ауыстырып отыру ұсынылады:
  - шығармашылық (бірлік пен достық бейнеленген шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру: сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру;
  - ойын (үстел үсті, қимылды, баяу қимылды, сюжетті-рөлдік ойындарды және түрлі халықтардың ұлттық ойындарын, байқауларды, сондай-ақ спорттық жарыстарды өткізу);
  - коммуникативтік (ойыншықтарды, заттарды, фотосуреттерді, түрлі-түсті суреттерді қолдана отырып, балалармен достары, отбасы, отбасылық қарым-қатынас, отбасы дәстүрлері туралы әңгімелесу; балалардың өздері білетін тақпақтары мен әндерін айтқызу; бейнематериалдар арқылы елімізде тұрып жатқан әртүрлі ұлт өкілдерімен таныстыру);
  - танымдық (мұражайларға бару, экскурсия өткізу, Қазақстан халқының Ассамблеясы өкілдерімен кездесу);
  - еңбек (мектепке дейінгі ұйымның, мектептің ауласына ағаштар, гүлдер отырғызу; ойын алаңын жинау және т.б.).

## БҰЛ МАҢЫЗДЫ!

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы мен әдіскері өткізілетін әрбір іс-шараның, ұйымдастырылған іс-әрекеттің, сахналық қойылымдардың мазмұнына назар аударып (өрескел қылықтар, зорлық-зомбылық, қатыгездікке жетелейтін әрекеттердің болмауы), бақылауда ұстауы тиіс.

*Іс-шарада, ұйымдастырылған іс-әрекетте таңдалған ән, би, қойылымдар (хит, той әндері мен билерін қолдануға тыйым салынады) балалардың жасына сәйкес және тәрбиелік мәні болуы қажет.*

*Ұлттық ойындарды ойнатқанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін ойындарды, атап айтқанда: «Қыз қуу», «Ақсүйек» және басқалар, сондай-ақ «Сырға салу», «Беташар», «Қыз ұзату» тәрізді салт-дәстүрлерді балалармен сахналауға, оларды көрсетуге тыйым салынады.*

*Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру қажет.*

## 7 МАМЫР ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Отан қорғаушылар күні мерекесінің маңыздылығын түсіндіру, Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.

### МІНДЕТТЕРІ:

- Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту;
- Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту;
- Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу;
- еліне, туған жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін ояту;
- ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа баулу;
- таныс мамандық иелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

# ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1. Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың жас және психофизикалық ерекшеліктерін, бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарлап, ортаңғы топтан бастап, ересек топтарда, мектепалды топтарда/сыныптарда мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды қатыстырмай, тек балалармен өткізу ұсынылады.
2. Ұсынылатын тақырыптар: «Жас ұландар – мақтанышы елімнің»; «Ел тірегі - сарбаздар»; «Отан сенген ұландар»; «Жас сарбаз» (басқа тақырыптарды таңдауға болады).
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрекет түрлерін ауыстырып отыру ұсынылады:
  - шығармашылық (өздері білетін патриоттық өлеңдер мен әндерді орындату, шығармашылық жұмыс жасау (сурет салу, жапсыру, құрастыру) ;
  - ойын (ойыншықтарды, заттарды, фотосуреттерді, түрлі-түсті суреттерді қолдана отырып, сюжеттік-рөлдік ойындар ойнату);
  - коммуникативтік (балалармен мамандық иелері, олардың қызметі туралы әңгімелесу);
  - танымдық (мұражайларға бару, экскурсия өткізу).

## БҰЛ МАҢЫЗДЫ!

*Мектепке дейінгі ұйымның басшысы мен әдіскері өткізілетін әрбір іс-шараның, ұйымдастырылған іс-әрекеттің, сахналық қойылымдардың мазмұнына назар аударып (өрескел қылықтар, зорлық-зомбылық, қатыгездікке жетелейтін әрекеттердің болмауы), бақылауда ұстауы тиіс.*

*Ұйымдастырылған іс-әрекетте қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері бар бейнематериалдарды көрсетуге және оларды сахналауға қатаң тыйым салынады.*

## 9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Жеңіс күні мерекесінің маңыздылығын  
түсіндіру, өз Отанын жақсы көруге  
тәрбиелеу

### МІНДЕТТЕРІ:

- өз Отанын қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіндіру;
- Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы насихаттау;
- Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы түсіндіріп, оларды құрметтеуге баулу;
- өз Отанын сүйуге, қорғауға, патриотизмге тәрбиелеу;
- еліне, туған жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін ояту;
- адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

# ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1. Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарлап, ересек топтарда, мектепалды топтарда/сыныптарда мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды қатыстырмай, тек балалармен өткізу ұсынылады.
2. Ұсынылатын тақырыптар: «Бейбіт күн жасасын»; «Жеңіс туы желбіре»; «Ер есімі – ел есінде»; «Елімнің батырлары» (басқа тақырыптарды таңдауға болады).
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында өздері білетін патриоттық өлеңдер мен әндерді орындату, мерекенің маңыздылығы жайлы, Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы балалармен әңгімелесу, отбасының батырлық істері туралы өздеріне әңгімелету, шығармашылық жұмыс (сурет салу, жапсыру, құрастыру) жасау, қауіпсіздік ережелерін үйрететін мультфильмдер ұсынылады.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекетте қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері бар сахналық қойылымдарды көрсетуге қатаң тыйым салынады.

# ҰСЫНЫМДАР

Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетке деген қызығушылығын қалыптастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны (аудиоматериал, үстел үсті ойындары, балалар әдебиеті, рөлдік, театрландырылған, конструкторлар, дидактикалық ойындар мен ойыншықтар, шығармашылық жұмыспен айналысуға жағдай жасау және т.б.) ұйымдастыру ұсынылады.

- ☐ бөбек жасындағы балаларға балаларда қуанышты жағымды эмоционалдық көңіл-күй тудызу және мерекелік мәдениетті қалыптастыру мақсатында қуыршақ, үстел үсті, саусақ театрларын, ойын-сауықтар және т.б;
- ☐ мектепке дейінгі жастағы балаларға мереке туралы түсініктерін бекіту мақсатында музыкалық, спорттық ойын-сауықтар, ұлттық ойындар, жас ерекшеліктеріне сәйкес сахналық қойылымдар, эстафеталық жарыстар, сурет және асфальтқа сурет салу байқауларын ұйымдастыру ұсынылады.

## БҰЛ МАҢЫЗДЫ!

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы мен әдіскері өткізілетін әрбір іс-шараның, ұйымдастырылған іс-әрекеттің, сахналық қойылымдардың мазмұнына назар аударып (өрескел қылықтар, зорлық-зомбылық, қатыгездікке жетелейтін әрекеттердің болмауы), бақылауда ұстауы тиіс.

Ұйымдастырылған іс-әрекетте қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері бар бейнематериалдарды көрсетуге және оларды сахналауға (ойын барысында, басқа да әрекеттерде суық қару түрлерін) қатаң тыйым салынады.